Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

12 мамыр бейсенбі
№37 (1842)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

РЕФЕРЕНДУМ – ЖАҢА КЕЗЕҢГЕ БАСТАЙТЫН ҚАДАМ

Республикамыздың Мемлекеттік хатшысы Ерлан Қарин Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшелерімен бірге Қызылорда облысының жұртшылығымен кездесу өткізді. Ең алдымен Мемлекеттік хатшы мен Ұлттық кеңес мүшелері Қызылорда облысының активімен жүздесті. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңірдің экономикалық дамуының негізгі бағыттары мен әлеуметтік маңызы бар инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылуына тоқталды. Өз кезегінде, Мемлекеттік хатшы конституциялық реформаның негізгі бағыттары туралы айтты.

Кездесуде ҰҚСК мүшесі Мұрат Әбенов конституциялық реформаға қатысты түсіндірме берді. Ол саяси реформалар мен конституциялық өзгертулерді әзірлеу барысындағы талқылауларға сарапшылар мен қоғам қайраткерлерінің, оның ішінде Ұлттық кеңес мүшелерінің қатысқанын жеткізді. Сонымен қатар, конституциялық реформаны әзірлеудің әр кезеңінде қоғамдық талқылаулар жүргізілді. Нәтижесінде жұртшылық ұсыныс-пікірлерінің басым бөлігі ескерілді.

Сонымен қатар Мемлекеттік хатшы мен ҰҚСК мүшелері шығармашылық зиялы қауым өкілдері және облыстың қоғамдық кеңес мүшелерімен кездесті. Жиында білім, мәдениет және өскелең ұрпаққа рухани-патриоттық тәрбие беру мәселелері көтерілді. Қоғам өкілдері елімізде жүргізіліп жатқан саяси реформалар мен жалпыхалықтық референдум өткізудің маңыздылығын атап өтті.

Одан кейін Қызылорда облысының қоғамдық кеңес мүшелерімен кездесу өтті. Кездесуде қоғам белсенділері, сарапшылар және мемлекеттік қызметкерлер арасындағы өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру жайында әңгіме қозғалды.

Бұдан соң Ерлан Қарин өңірдің белсенді жастарымен кездесті. Кездесуге қатысушылар жұмыспен қамту және жастарға арналған әлеуметтік қолдау бағдарламаларының орындалу жайын талқылады. Өз кезегінде Мемлекеттік хатшы Президент жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің қызметіне тоқталып, жас буынның елдегі қоғамдық-саяси өмірге араласуының маңыздылығын атап өтті.

Жалпы, кездесулер аясында аймақтың қоғам белсенділері Конституцияға енгізілетін өзгертулер мен жалпыхалықтық референдум өткізу идеясын қолдады.

Бүгінде елімізде несиеге байланған адам көп. Тіпті бір басында бірнеше несиесі бар. Несін жасырамыз кредитін төлеу үшін кредит алатындар табылады. Несие рәсімдеген кезде қарыз алушының төлем қабілеті, табысы ескерілетіні белгілі. Дегенмен бір мезгілде бірнеше несиені қатар алуы тыйылмай отыр. Жасыратын несі бар, қазақстандықтардың банк алдындағы несиесінің көптігі уақыт өткен сайын күрделеніп келеді.

НЕСИЕНІ ЕСЕППЕН БЕРУ КЕРЕК

Мәселен, өткен жылы тұтынушылық несиелер 40 процентке өскен. Бұл жөнінде Парламент Мәжілісінде еліміздің Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова мәлімдеді.

– Былтыр тұтынушылық кредит 40 процентке өсті. Сондай-ақ кредитін өтей алмайтындардың да саны артып келеді. Осыған орай түрлі шараларды қабылдап жатырмыз, – деді агенттік төрағасы.

Оның айтуынша, елімізде қарыз жүктемесі коэффициенті пайдаланылып жатыр.

– Банктер мен микроқаржы ұйымдары несие берген кезде, қарыз алушының табысын бағалауы тиіс. Несие бойынша ай сайынғы төлем сомасы қарыз алатын адамның ай сайынғы табысының 50 процентінен аспауы керек. Егер бұл деңгейден асып түссе, онда банк немесе несие ұйымдары кредит бермеуі тиіс. Олар бұл талапты орындамаса, біз қадағалауды күшейтеміз, – деді агентік басшысы.

Сонымен қатар мәжілісте «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне стрестік активтер нарығын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы мақұлданды.

Расында, несие – несібе емес, оның да сұрауы бар. Тіпті алған ақшаңды екі еселеп қайтарасың. Бүгінде несие деген сөзді естісек, төбе шашымыз тік тұрып, көзіміз атыздай болады. Өйткені уақытында төлей алмай, қарызға батып, шырылдаған жанды көз көріп, құлақ естіп жүр. Өкінішті-ақ. Өмірі банк табалдырығын аттамаған жандар қандай бақытты десеңші...

«Ақмешіт-ақпарат»

БҮГІНГІНІҢ БАТЫРЫ

СӘБИ ҚҰТҚАРҒАН СӘБИТ

Бауыржан Момышұлының «Ешкім батыр болып тумайды. Батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады» деген сөзі бар. Әлеуметтік желіде кеңінен тараған Сәбит Шонтақбаевтың ерлігін де осылай айтуға болады.

Сәбит Шонтақбаев кеше Нұр-Сұлтан қаласында 8-ші қабаттың сыртқы терезесіне ешбір құралсыз шығып, жоғары қабатта салбырап тұрған үш жасар қызды құтқарып қалған. Ол Қызылорда облысы, Жалағаш ауданының тумасы. Нұр-Сұлтан қаласына жұмыс істеуге келген. Өз өмірін қатерге тігіп, кішкентай қызды құтқарған жігітті бүгінгі күннің батыры деп айтуға болады. Ол оқиғаның мән-жайын тілшілерге берген сұхбатында айтып берген.

– Мен Қызылордадан жұмыс істеуге келгенмін. Құрылысшы болып, әртүрлі жұмыс істеймін. Балаларымды бағуым керек, олар Қызылордада тұрады. Үй жалдап, осында жұмыс істеймін. Мен терезеден ұстап, асылып тұрған баланы көрдім. Жалғыз ой оны құтқару болды. Сол сәтте өзімді ойлай да алмадым. Әйелім видеоны көріпті, «жарайсың» деді. Қыздың ата-анасын көрмедім. Жұмысқа асығып бара жатқанмын, оны құтқарып, жетінші қабаттағы көршісіне тапсырдым. Сосын жұмысқа кеттім, – дейді ол.

Сәбит Шонтақбаев ептілігі мен дене бітімі әскери карьерасына байланысты екенін түсіндірді. Бұған дейін шекарашы болып жұмыс істеген екен.

Сәбиттің көзсіз ерлігі туралы әлеуметтік желілер мен БАҚ жарыса жазды. Тіпті блогер Дәулет Төлеутайұлы Қызылордадан үй алып бермек.

– Сәбит Қызылордада 14 жылдан бері жалдамалы пәтерде тұрады. Өз үйлері жоқ. Бұйырса біз үй алып береміз, – деп жазған блогер. Сонымен қатар блогер Дәулет Төлеутайұлы мен Батырхан Ибрагимов өз оқырмандарымен Сәбиттің 450 мың теңге қарызын жауып беруге ақша жинап жатыр екен.

Сын сағатта батыл шешім қабылдап, тәуекелге бел буған, өзгенің өмірі үшін өз басын қатерген тіккен Сәбит Шонтақбаев бұл ісін адамдық борышым деп біледі. Қалай десек те батылдық танытқан қайсар жігіттің бұл ісі нағыз ерлікке пара пар.

Сәбит Шонтақбаев «Төтенше жағдайдағы ерлігі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Сондай-ақ Сәбит Шонтақбаеваққа G-park құрылыс компаниясының басшысы Ғабит Сатмағамбетов «Rio de Janeiro» тұрғын үй кешенінен үш бөлмелі пәтер сыйлады.

ЖАЛДАМАЛЫ ПӘТЕР СУБСИДИЯСЫН КІМДЕР АЛАДЫ?

Бүгінде елдің әл-ауқатын көтерудегі негізгі басымдықтың бірі баспанамен қамту. Оның ішінде тұрмысы төмен, аз қамтамасыз етілген отбасылардың тұрғын үйге қол жеткізуі үшін мемлекеттің қамқорлығы қажет-ақ.

Осыған орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында жалдамалы тұрғын үйді субсидиялау жөнінде бастама көтеріп, оны тездетіп жүзеге асыруды тапсырды. Сондай-ақ пәтер жалдау ақысының көтерілуіне жол берілмеу керегін баса айтты. Негізі бұл бастама өткен жылы қозғалды. Дегенмен биылғы жылғы 1 мамырдан бастап қолға алынуда.

2 БЕТТЕ

Баспасөз-2022

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

**Баспасөзге 2022 жылдың екінші жарты жылдығына жазылу жүруде.
Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!
Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08**

ЖОЛСАПАР

ҰЛЫТАУ ҰЛЫЛАРҒА БОЛҒАН МЕКЕН, ЖЕР БАР МА, ТҮСІНГЕНГЕ СЕНЕН КӨРКЕМ

ШЫНДЫҚҚА АЙНАЛҒАН АҢЫЗ

Жошы хан мазары. Айналасында басқа да қорымдар бар. Тіпті хан ордасының орны да тұр. Бұл көріністі көзімен көргендер бізге аңыз болып жеткен талай тарихқа қанығады. Шынтуайтына келгенде, Жошының өзіне де қатысты әпсана жетіп артылады. Соның бірі – Жошы ханның өлімімен байланысты. Хан Жошыны Шыңғыс ханның өзі өлтірткен деген де сөз бар. Ауырып қайтыс болды деп те айтылады. Енді бірінде аңшылықта қайтыс болғаны баяндалады.

Жувейни есімді жылнамашы 1223 жылдың қысында Шыңғысхан Самарқандтың төңірегінде болып, Жошы ханға шабарман жібергенін жазыпты. Жазба бойынша Дешті-Қыпшақтан құландарды қуып келуін және өзін де аң аулауға шақырған көрінеді. Жошы хан, сірә, келмесе керек. Жувейни бұл туралы үнсіз қалады. Көктем шыққанда, яғни 1224 жылы Шыңғысхан Моңғолияға қайтар алдында жиын өткізіп, ұлдары бас қосады. Бұл құрылтайға Жошы хан келмейді. Жувейни Шыңғыс хан тек Құланбасы бойына келгенде ғана Жошының келіп, 20 000 шымқай сұр атты сыйға тартқанын жазады (кейбір тарихшылар Жошының бұл жиынға да келмегенін алға тартады). Археолог Орынбай Ошановтың деректерінде Жувейниде Жошының өлімі туралы ешқандай дерек жоқ екені мәлім болады.

Рашид-ад Диннің дерегі бойынша, осы кезде Жошы жұртынан маңғыт руының бір кісісі Шыңғысханға келеді. Шыңғысхан одан Жошының жағдайын сұрайды. Ол Жошының есен-сау, елінде аң аулап жүргенін жеткізеді. Негізінде Жошы өзі сырқат болғандықтан, аңға тек уәзірлерін жібереді. Маңғыт жолаушысы көпшілікті көріп, Жошының өзі деп, көргенін Шыңғысханға жаңсақ жеткізген. Мұны естіген, яғни жалған хабар Шыңғысханның қаһарын туғызады. Әскерге бұйрық беріп, жорыққа дайындала бастайды. Алдымен Шағатай мен Үгедейдің жасағын аттандырады. Соңын ала қалған әскерімен өзі аттанбақшы болып жатқанда, Жошының өлімі туралы хабар жетеді. Міне, ортағасырлық жазба деректері бізге әке мен бала арасындағы осындай жұмбақ жайттар болғанын жеткізеді. Тарихшылардың зерттеуінде Жошының өлген жылына байланысты біріздiлік жоқ. Олардың пікірінше, 1225-1227 жылдар аралығы көрсетіледі. Келесі бір аңызда Жошы ханды құлан шайнап өлтірген деп айтылады. Елдің арасына кеңінен тарағаны да осы нұсқа. Өйткені атақты Кетбұқа осы оқиғаны баяндайтын «Ақсақ құлан» күйін шығарған. Мүмкін сол себептен, мүмкін Шыңғыс тұқымының ақылшы-кеңесшісі болғаннан ба, әйтеуір Жошы хан кесенесінің алдында Кетбұқа ноянның белгітасы тұр.

Неше түрлі ойлар маза бермей күндіз көріп, Құран бағыштап кеткен Жошы мазарына қайта келдім. Айналаны бір шолып, Кетбұқа белгітасының қасына келіп отырдым. Іштей «ойлан, Әзиз, қай аңыз шындыққа жақын?» деп қоямын өзімше күбірлеп. Содан оқыған, санаға, көңілге тоқыған дүниелерді саралай бастадық. Айтпақшы, өткен жылдың ақпанында елордадағы ұлттық мұрағатқа барып, Әлкей Марғұлан мен Ақселеу Сейдімбектің жеке қорымен танысқан едік қой. Қасымда Оразхан Садықұлы есімді ағам бар еді. Мен оқыған дүниелердің ішінде бір нәрсе қалып кеткен жоқ па екен деп, сол кісіге қоңырау шалып, білгенін айтуды сұрадым. Өйткені ол маған қарағанда тарихқа жүйріктеу еді.

– Жошы – атақты Шыңғыс ханның үлкен ұлы. Ол өз заманында анау-мынау батырға дес бермейтін баһадүр болған. Шыңғыс хан бастаған талай жорыққа қатысып, асқан ерлік көрсеткен екен. Ол туралы Жувейни мен Рашид-ад Диннің еңбектерінде баяндалған. Оны құлан талап өлтірген деп айтылатын халық аңызының түбінде шындық жатыр. Түптеп келгенде, Жошы – қазақ хандарының түп атасы. Ұлы далаға билік жүргізген хандардың бәрі – осы Жошы ханның ұрпағы. Сонау Ұрыс ханнан тарайтын Керей мен Жәнібектен бастап кешегі Кенесарыға дейін Жошыдан өрбіген, – деді Оразхан Садықұлы сөзін сабақтап.

Академик Ә.Марғұлан 1946 жылы Жошы кесенесінде қазба жұмыстарын жүргізген. Сол кезде мазардан шыққан ер адам мәйітінің бір жақ қолы тұтас жоқ болып шыққан. Әлкейдей ғалымның жазған мұндай мәліметтерін елордадағы мұрағаттан өз көзімізбен көріп, қолжазбаларын қолымызбен ұстап едік. Ғалым деректерін қазақ-орыс тілдерінде жазғанға ұқсайды. Тіпті кейбір жазбалары төтемен де берілген. Біз сол жолы Ақселеу Сейдімбектің де жеке қорымен таныстық. Ол кісі Әлкей Марғұланның жазбаларынан соң Жошының қолын құлан тартып кеткен деген аңыздың шындыққа айналғанын баяндайды. Бұл деректер ел астанасындағы ұлттық мұрағаттан алынып отыр. Әлкей Марғұланның құжаттары №195 қорда тұрса, Ақселеу Сейдімбектің құжаттары №167 қорда сақтаулы.

1997 жылы археолог Ж.Смаиловтың жетекшілігімен Жошы хан кесенесінің іші қайта қазылған. Сонда қабірде Жошының бас сүйегі болмай шығыпты. Бұл бас сүйек археолог Ж.Смаиловтың іздеуімен Алматы қаласындағы Орталық музейдің қорынан табылып, 2012 жылы 66 жылдан кейін қайта орнына қойылды. Демек, қазір Жошы мазаратында ханға тиесілі мәйіт жатыр деген сөз.

Басы №35 санда. Жалғасы 4-бетте

ЭТНО-МӘДЕНИ БІРЛЕСТІК ӨКІЛДЕРІ РЕФЕРЕНДУМДЫ ҚОЛДАЙДЫ

Ел тарихында екінші рет өткізілгелі отырған Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша жалпыхалықтық референдумның маңызы мен мәнін азаматтарға түсіндіру мақсатында кеше «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалы жанынан құрылған өңірлік штаб Төрағасы Ләйлә Төрешова бастаған штаб мүшелері «Достық» үйінде этно-мәдени бірлестік өкілдерімен кездесті.

– Мемлекеттік басқару жүйесін өзгертіп, елдегі саяси ахуалға жаңа дем беретін конституциялық референдум – жалпыхалықтық деңгейде алғаш өткізілгелі отыр. Бұл – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасының нақты жүзеге асуының дәлелі. Мажоритарлы сайлау жүйесінің енгізілуі – сайлаушылардың республикалық қана емес, жергілікті жердегі де мүддесін жіті қорғауға мүмкіндік туғызады. Партиялық жүйені дамыту мен олардың мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында – саяси партияны тіркеу талабы 20 мың адамнан 5 мың адамға төмендейді. Өңірлік өкілдіктер саны 600-ден 200-ге азайып, бастамашыл топ саны 1000-нан 700-ге қысқарды. Бұлардың барлығы Әділетті Қазақстанды құрудың алғышарты, – деп атап өтті өңірлік штаб төрғасы, «AMANAT» партиясының облыстық филиалының атқарушы хатшысы.

5 маусым күні өтетін жалпыхалықтық референдумда Конституциядағы 98 баптың 33-іне өзгерістер енгізілмек. Бұл дегеніміз Конституциялық реформа ел дамуының жаңа кезеңі басталғанын көрсетеді. Кездесу барысында штаб мүшесі Асылбек Жұмабаев осы бағытта жүзеге асатын міндеттерді тілге тиек етті.

– Конституцияның жаңарған нұсқасында Мемлекет басшысының жақын туыстарына саяси лауазым иеленуге және квазимемлекеттік секторда басшылық қызмет атқаруға тыйым салынады. Сондай-ақ құқық қорғау саласы бойынша маңызды өзгерістер енгізіледі. Атап айтсақ, Конституциялық сот құрылады. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің, яғни омбудсменнің мәртебесі Ата заңмен айқындалады. Елімізде өлім жазасы мүлде жойылады. Мұның бәрі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін жасалуда, – деді өңірлік штабтың мүшесі Асылбек Жұмабаев.

Референдумға қатысу құқығы азаматтардың тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан республиканың он сегіз жасқа жеткен азаматтарына беріледі.

Мемлекеттік модельді кешенді түрде өзгертуге мүмкіндік беретін Конституциялық референдум – Әділетті Қазақстан ұстанымының бастамасы деуге де негіз бар. Сондықтан этно-мәдени бірлестік өкілдері еліміздің болашағы үшін бір ауыздан қолдайтынын жеткізді.

«Ақмешіт-ақпарат»

12 МАМЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕЙІРБИКЕЛЕР КҮНІ

Бірде-бір аурухана мен бірде-бір дәрігер медбикесіз болмайды. Медбике – әр науқастың өмірі үшін үлкен жауапкершілікпен жұмыс істейді. Кешегі жер бетін бір бидайдың қауызына сыйдырған пандемия кезінде де күні-түні тынымсыз еңбек еткен де осы медбикелер. Олардың көзге көріне бермейтін адал еңбектері қандай құрметке де лайық.

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Қыдыркүл Тәжібаева 33 жылдан бері медбике болып абыройлы еңбек етіп келеді. Ол әрбір медицина қызметкері үшін ең үздік марапат – емделушілердің алғысы деп санайды.

МАМАНДЫҚҚА АДАЛДЫҚ

Қыдыркүл Шағдарқызы 1970 жылы Шиелі ауданының Сұлутөбе ауылында дүниеге келген. 1987 жылы Қызылорда медициналық коледжіне оқуға түсіп, аталған білім ордасын 1989 жылы «Балаларға арналған емдеу профилактикалық медбикесі» мамандығы бойынша бітіріп шығады.

Қолына дипломын алған жас талапкер оқуын бітірісімен сол кездегі Сырдария аудандық ауруханасына жұмысқа қабылданады. Жұмысқа жаңа орналасқан жас маман алған білімін іс барысында жетілдіре түсуге күш жұмсайды. Қандай емделушіге барса да атына тек алғыс айтылып жатады. Ол өз мамандығын сүйіп істейтін жасқа жігер сыйлай түседі.

Кейіннен 1997 жылы қалалық «Жедел жәрдем» стансасына шақыру тобының мейірбикесі болып ауыстырылады. Тәжірибесі толысқан маман жұмысын толыққанды меңгере жүріп, халыққа қалтқысыз еңбек етеді. Қиыншылығы мен қызықшылығы қатар жүретін мейірбикенің үй жағдайында, жол үстінде аналарды босандырып алған сәттері де аз болмаған.

Ел игілігі жолындағы еңбегі еленіп, облыстық денсаулық сақтау басқармасының алғыс хаттарымен марапаталады. Қыдыркүл Шағдарқызы бүгінде №4 қалалық емхананың жедел жәрдем бөлімшесінде еңбек етеді.

Отбасында он ағайынның ортаншысы. Жұбайы Нұрадин Сүлейменовпен шаңырақ көтеріп, үш баладан төрт немере сүйіп отыр. Балаларының тұңғышы Гүлжанат Омарова Сақтапберген Әлжіков атындағы №144 орта мектебінде ағылшын тілі пәнінің мұғалімі. Екінші қызы Балғын ана жолын ұстанып, облыстық көпбейінді орталық ауруханасының №1 «Кардиология» бөлімшесінде мейірбике болып еңбек етуде. Отбасының кежесі Бексұлтан озат оқушы.

– Мен бұл мамандықты таңдағаныма еш өкінген емеспін. Әрине, қызығы мен шыжығы қатар жүреді. Алдыңа келген емделушіге ең алдымен ықылас қойып қараған абзал. Өйткені ол жүрекпен қабылдайды. Жүзі жылы адамның жасаған емі шипалы болады, – дейді Қыдыркүл Тәжібаева.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ЖЕҢІСТІҢ ЖЕТПІС ЖЕТІНШІ КӨКТЕМІ

Биыл II дүниежүзілік соғыстағы Жеңіске 77 жыл толып отыр. Қан майданда миллиондаған жауынгер мерт болды. Олар елі үшін шыбын жанын шүберекке түйіп соғысты. Біреу баласынан, енді бірі арқасүйер әкесі мен ағасынан айрылды. Майдан даласында із-түзсіз кеткендері қаншама. Туған жерден топырақ бұйырмай жат жерде жатқан боздақтардың кейбірінің есімдері мен орындары әлі белгісіз. Бір белгілісі, олар – Отан үшін от кешкен ояландар. Олардың ерлікке толы есімдері ел жадынан өшпек емес.

Жыл санап майдангерлердің де қатары сиреп барады. Бейбіт күннің бұл көктеміне облыс бойынша 7 сырбойылық соғыс ардагер жетті. Олар ұрыс даласында қатар жүрген каруластарының есімдерін құрметпен атайды.

9 мамыр күні «Тағзым алаңы» алдында өткен мерекелік шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, майдангерлерге жылы лебізін білдірді.

– Құрметті карт жауынгерлер, сіздер неміс басқыншыларынан Беларуссия, Польша, Украина, Чехословакия елдерін азат етуге қатысып, Ұлы Жеңісті Берлинде қарсы алып, елге оралған нағыз ержүрек батырсыздар. Отты жылдары жанқиярлықпен көрсеткен ерліктеріңіз ешқашан ұмытылмайды. Ел басына күн туған сұрапыл соғыс жылдары адам төзгісіз қиыншылықтарды қайыспай көтеріп, елдің қорғаны болғандарыңыз үшін сіздерге бас иеміз. Мерейлі күнде дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға береке, өздеріңізге ұзақ ғұмыр тілеймін, – деді аймақ басшысы.

Мерекелік шараға облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, қала әкімі Асылбек Шәменов қатысты.

Салтанатты шараға жиналған қауым Ұлы Отан соғысының құрбандарына арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойып, майдангерлерге тағзым етті.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
Суретті түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

Құжаттың айтар сыры бар

Ұлттық архив қорының құжаттар құрамының ажырамас бір бөлігі жеке тектік құжаттар болып есептеледі. Ал жеке тектік құжаттар құрамында елеулі орны бар 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының қатысушы ардагерлерінің құжаттары өзіндік ерекшелігімен маңызды.

Мысал келтіре кетсем, олардың соғыс уақытында әрдайым қалтасынан табылатын сарғайған қызыл әскер кітапшасының өзі қай күні ант қабылдағаны, қай әскери бөлімде, қандай майдан шебінде болғандығы, соғыс жағдайына киген ыңғайлы киімдері, қандай заттар қолданғандығы, т.б мәліметтерге толы жиынтығы қатысушының соғыстағы өмір жолдарынан толық мәлімет береді.

Қазіргі таңда тілге тиек етер мәселелердің бірі Отанды сүю, қорғау, патриоттыққа тәрбиелеу болса, ұрпақтарымызды соғыс ардагерлерінің жүріп өткен жолдарынан сыр шертер құжаттарын архив қорына жинақтап қолмен ұстап, көзбен көріп шынайы тарихтың куәсі ету біздің қастерлі міндетіміз. Сондықтан артында өшпес із қалдырып, бізге бейбіт өмір сыйлаған соғыс ардагерлерінің жеке өмірінен сыр шертер құжаттармен толықтырып отыру біздің болашаққа қалдырар құндылығымыз іспетті.

Бүгінгі күннің басты назарында тұрған, елімізде дүрбелең туғызған оқиға жыл басындағы «Қасіретті қаңтар» қайғысы арқылы Отан үшін от кешкен аға ұрпақтың қадірі алдымызда бұрынғыдан да биіктей түскендей. Қатары сиреп, деректері уақыт өте көмескілене бастаған жаумен бетпе бет айқасып жанкешті өмір кешіп бізге бейбіт өмір сыйлаған ардагерлерді ұлықтап ұмыт қалдырмай қастерлей білуді еске салғандай. Бұл ретте ел болып атсалысып жатқан Ұлы Отан соғысының ардагерлерін есте қалдыру шараларына үн қосып, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысып, 19 жасында елін қорғауға аттанып 1941 жылдың 1-ші қыркүйегінен 1945 жылға дейін қан майданда болып, бейбіт өмірді орнатуға үлесін қосқан соғыс ардагері Рахметов Қуаныш Рахметұлының жеке тектік құжаттарын архив қорына қабылдадық.

Биылғы Рахметов Мұратқали Қуанышұлы және ұрпақтары әкелерінің 100 жасқа толу қарсаңында соғыстан қайтқан соң 30 жылдан астам уақыт ұстаздық еңбек етіп туған жер түлектерінің танымал азамат болуына үлес қосқан ғибратты өмір иесі болған әке атын жаңғыртып архивке жеке құжаттарын өткізуді жөн көрген. Әкелерін ел есіне салып, Рахметов Қуаныш Рахметұлының жеке тектік құжаттарын Ұлттық архив қорына өткізген игі істері ұрпақтарының әке алдындағы перзенттік парызындай болды. Жеңісті жақындатқан барлық аға ұрпаққа тағзым етіп, 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысының қатысушы ардагерлерінің құжаттарын архив қорына қабылдаудың маңыздылығына тоқталып, әрбір ардагер өмірі туралы құжаттар келер ұрпақ үшін батырлық үлгісіндей тарихи маңызы бар деректер жинағы болып қала берері сөзсіз.

Г.МЕНЕЕВА
«Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ қоғамдық- саяси тарихы бойынша филиалының архивисі

ЖАЛДАМАЛЫ ПӘТЕР СУБСИДИЯСЫН КІМДЕР АЛАДЫ?

Басы 1-бетте

Әлеуметтік қолдаудың бұл түрі қалай жүзеге асады? Оның игілігін кімдер көреді? Әрине, бұл – көп көкейіндегі сұрақ. Статистикалық мәліметке сүйенсек, елімізде 590 мыңға жуық азамат баспанаға мұқтаж екен. Оның ішінде 210 мыңы әлеуметтік осал топқа жатады. Бұл – көпбалалы отбасылар, I және II топтағы мүгедектер, жетім балалар, мүгедек балалары бар отбасылар. Оның ішінде табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен 70 мыңға жуық кезекте тұрғандар қысқа мерзімде тұрғын үймен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл деректерді Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының орынбасары Бақытжан Қашақов мәлімдеді.

– Жалға берілетін пәтерді алуға бірінші кезекте әлеуметтік осал топтағы азаматтар құқылы. Біз айтып отырған бастама салынып жатқан үйлерді жалға алуға ғана қатысты емес. Қазір кез келген аймақта нарықтағы пәтерлер жалға беріліп келеді. Оларды жалдап тұратындар да осы бағдарламаға қатыса алады. Бүгінде жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін төлемдерді тағайындау қағидаларын әзірледік. Бағдарлама операторы болып «Отбасы банк» белгіленді. Бұл атаулы көмек азаматтардың ортақ жауапкершілігіне негізделген. Жалдау ақысының 50 проценті мемлекеттік субсидиялар есебінен, оның ішінде 40 проценті республикалық, 10 проценті өңірлік бюджеттен өтеледі. Ал қалған 50 процентін жалға алушылар өздері төлейді, – деді Б.Қашақов.

50% СУБСИДИЯЛАУҒА АРНАЛҒАН ЖАЛДАУ АҚЫСЫ ТӨЛЕМІНІҢ ЕҢ ЖОҒАРЫ МӨЛШЕРІ (ТЕҢГЕ)

ОТБАСЫ БАНК

Аймақ	Коэффи-циент	1 ш.м. төлем мөлшері	3 адамға дейінгі отбасы мүшелері үшін	5 адамға дейінгі отбасы мүшелері үшін	6 және одан көп отбасы мүшелері үшін
Нұр-Сұлтан қ.	1,11	2 759	110 378	165 568	220 757
Алматы қ.	1,11	2 759	110 378	165 568	220 757
Шымкент қ.	1,43	2 142	85 678	128 518	171 357
Ақмола облысы	1,95	1 571	62 831	94 246	125 662
Ақтөбе облысы	1,75	1 750	70 011	105 017	140 023
Алматы облысы	1,61	1 902	76 099	114 149	152 199
Атырау облысы	1,41	2 172	86 894	130 340	173 787
Шығыс Қазақстан облысы	1,78	1 721	68 831	103 247	137 663
Жамбыл облысы	2,24	1 367	54 696	82 045	109 393
Батыс Қазақстан облысы	1,82	1 683	67 319	100 978	134 637
Қарағанды облысы	1,52	2 015	80 605	120 908	161 211
Қостанай облысы	1,99	1 539	61 568	92 352	123 136
Қызылорда облысы	2,14	1 431	57 252	85 879	114 505
Маңғыстау облысы	1,30	2 356	94 246	141 369	188 492
Павлодар облысы	1,55	1 976	79 045	118 568	158 090
Солтүстік Қазақстан облысы	1,92	1 595	63 813	95 719	127 625
Түркістан облысы	1,33	2 303	92 120	138 181	184 241

Айлығы шайлығына әрең жететін тұрғындардың баспана жалдауы үшін мемлекеттен өтемақы төленетіні қуантады. Дегенмен бұл бастама үйді жалдау ақысының қымбаттауына ықпал ете ме деген қауіп те жоқ емес. Осыған байланысты сала мамандары жан-жақты тексеріліп, қатаң қадағалау болатынын жеткізді. Мәселен, барлық құжатта жалға алушы мен жалға беруші арасында туыстық қарым-қатынас болмауы керек. «Отбасы банк» деректер базасы бойынша жалға алынған тұрғын үйдің кімге тиесілі екенін және тараптар арасында туыстық байланыс бар-жоғын тексереді. Әрине, бәрі жіті тексерілгенмен пайда көргісі келетіндер табылады. Сондықтан әкімдік пен «Отбасы банкі» тұрғын үй жалдау саласына мониторинг жүргізеді. Егер тексеру кезінде белгілі бір отбасы көрсетілген мекенжайда болмаса, алдымен оған ескертеді. Содан соң төлемді тоқтату туралы шешім қабылдайды.

Негізі жалдамалы тұрғын үйді субсидиялау дамыған елдерде кең тараған тәжірибе.

– Баспананы жалдау үшін мемлекеттен өтемақы алуға Бірыңғай республикалық электронды базада тұрғын үй кезегінде төрт санат бойынша тұрған азаматтар ғана өтініш бере алады. Атап айтсақ, 1 және 2-топтағы мүгедектер, мүмкіндігі шектеулі балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар, кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған, 29 жасқа дейінгі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар қатысады. Сондай-ақ «Алтын алқа», «Күміс алқалы» көпбалалы аналар алады, – деді «Отбасы банк» АҚ төрағасы Ләззат Ибрагимова.

«Отбасы банк» пен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі субсидия алатындар мен жылжымайтын мүлікті жалға берушілер тіркелетін арнайы цифрлы платформаны әзірлеуде. Электронды цифрлы қолтаңбаны пайдаланып, өтініш бергеннен кейін «Отбасы банк» мемлекеттік деректер базасын пайдалана отырып, үміткердің белгіленген шарттарға сәйкестігін тексереді. Сөйтіп, төлемді тағайындау немесе бас тарту туралы жауап ұсынады. Бұл ретте ұсынылған құжаттарды қарау және тексеру мерзімі 10 күннен аспайды. Жалға алу келісімшарты арнайы үлгі бойынша «Отбасы банк» платформасында жасалады. Оған жалға алушы мен жалға беруші қол қояды. Жалға алу келісімшарты бұзылған немесе тоқтатылған кезде жалға алушы «Отбасы банкке» жүгініп, келісімшарт бойынша төлемді басқа жалға берушіге тағайындау туралы өтініш жолдайды.

Бағдарлама бойынша үміткерге қойылатын негізгі талап – отбасының төмен табысы. Отбасы мүшелерінің соңғы алты айдағы жиынтық табысы отбасының әр мүшесіне шаққанда ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспауы тиіс. Осылайша отбасының бір мүшесінің табысы айына 36018 теңгеден аспауы шарт. Мәселен, жұмыс істейтін әкесінің жалақысы 250 мың теңгеге тең көпбалалы отбасыны алайық. Жеке табыс салығы мен міндетті зейнетақы жарнасын төлегеннен кейін, жан басына шаққандағы отбасы табысы шамамен 33 мың теңгеге тең. Сонда бұл отбасы төлемдерді талап ете алады деген сөз.

Алдағы уақытта аталған әлеуметтік бастаманың қарапайым халыққа берері мол болмақ. Тек шын мұқтаждардың ғана қажетіне жарайтын тиімді тетікке айналса игі.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

ТАРИХҚА АЙНАЛҒАН ҚҰС КОМБИНАТЫ

Қызылорда қаласындағы өндіріс орындары мен өнеркәсіптің пайда болу және даму кезеңі Ұлы Отан соғысы жылдарымен тұспа-тұс келеді. Соғыстан кейін халық шаруашылығы қалпына келтіріліп, нәтижесінде қалада өнеркәсіп орындары бой көтеріп, тұрмыс нысандарының құрылыстары жедел қарқынмен дами бастады. Осындай ірі құрылыстың бірі – Қызылорда құс комбинатының тарихы туралы құжаттар архив қорында сақталуда.

1947 жылғы 3 қаңтардағы Қызылорда облыстық еңбекшілер депутаттары Кеңесі атқару комитетінің №6 шешімімен Қызылорда құс комбинаты құрылып, оған 17 қаңтарда Сырдария ауданы «Шағын сабалақ» тресі аумағынан 303 гектар болатын жер телімі (учаскесі), 188 гектар қосалқы егістік жер берілді. Комбинатқа Федор Ефимович Буткевич басшы болып тағайындалып, 1948 жылы жұмысшылар саны 18 адамды құрады. 1948-1949 жылдар аралығында республикалық кадрларды даярлау мектебінен 3 оператор, 1 зоотехник, 1 құс өсіруші, 1 май дайындаушы білімдерін жетілдірді.

Қызылорда құс комбинаты құс, ірі және ұсақ мал, сондай-ақ шошқа өсіру және бордақылаумен айналысты. Ірі, ұсақ малдарды өсіру базасы «Ноғай қора» мен «Оспан көпір» учаскелерінде орналасты.

1949 жылы 10 маусымда 100 тонна құсты өңдеуге арналған Қызылорда типтік құс комбинатының құрылысы басталды. Үлгілік құс комбинатының құрылысы аяқталғаннан кейін онда 20 мыңға дейін аналық құсы болды. Комбинатта сою цехы, жұмыртқа сақтау, жем-шөп, тоқ көзі, автопарк, құрылыс цех-зерттеушілер, трактор көлігі, сантехника цехтары жұмыс істеді.

1976 жылы құс фабрикаларының өндірістік бірлестіктері жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Осы жылы 1665,0 млн дана жұмыртқа, 54,3 мың тонна құс еті өндіріліп, мемлекетке 200 млн дана жұмыртқа, 12 мың тонна құс еті сатылды.

Қызылорда құс фабрикасында қызметкерлерді тұрғын үймен қамтамасыз ету, олардың отбасы мүшелерінің демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында кинотеатр, концерт, санаториялық-курорттық емделуге туристік жолдамалар беру, балабақшаға бірінші кезекте көпбалалы аналардың балаларын орналастыру және аз қамтылған отбасыларға жәрдемақы тағайындау, балаларына туристік жолдамалар беріліп, лагерьге жіберілді.

1980 жылы құс фабрикасы 20 млн дана жұмыртқа өндіріп, 134,8 рубль пайда әкелген. Осы жылдың 5 қарашасында Ұлы Қазан революциясының 63 жылдығына орай құс шаруашылығы өнімдерін өндіру, мемлекетке сату, жоспарлы тапсырмаларды және социалистік міндеттерді орындауда белсенді қатысқаны үшін 44 жұмысшы Құрмет грамотасымен марапатталған. 1981 жылы он бірінші бесжылдықтың алғашқы жылдарында жұмыртқа өндірісі 21500 тоннаға, ет 4400 центнерге жеткізілді, мемлекетке 20300 мың дана жұмыртқа, 4200 центнер құс еті тапсырылды.

Нарық экономикасы келгенде облыс экономикасының дамуына үлес қосқан қаламыздағы іргелі өндіріс ошағы басқару формасын өзгертті. Осылайша, 1993 жылы Қызылорда құс фабрикасы «Сейхун» ашық үлгідегі акционерлік қоғамы болып қайта құрылады. Бір кездері талай адамға табыс көзі, жұмыс орны болған құс фабрикасының бүгінде Қызылорда тарихында аты ғана қалды.

А.ӘЛИАСҚАРОВА,
Архив құжаттарын пайдалану және жариялау бөлімінің ІІ-санатты археографы

АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫ
№37 12 мамыр, 2022 жыл

Бүкіл әлемді дүр сілкіндірген пандемия білім саласына да әсерін тигізбей қоймады. Оқушылардың білім алуы үшін ештеңе кедергі болмайтынын ұқтық. Оқушылар қауіпті кезең уақытында да онлайн, офлайн білім алды. Қашықтан оқу тиімсіз дегенмен, денсаулықты сақтап қалуды мақсат етіп, оқушылар онлайн білім алды. Былтыр қашықтан дәріс алған оқушыларға көмек ретінде жазғы мектеп тәжірибе ретінде егізілген еді. Елімізде қауіпті кезеңдер аяқталса да биыл жазғы мектеп жалғасын табады. Бұл жөнінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі және орта білім комитетінің төрағасы Гүлмира Кәрімова мәлімдеді.

ЖАЗҒЫ МЕКТЕПТІҢ ЖОСПАРЫ ҚАНДАЙ?

ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов жазғы мектепке міндет деп емес, мүмкіндік деп қарауға кеңес береді. «Үлгерімі төмен балаларға көңіл бөлуіміз қажет. Бізде әдетте талантты, дарынды, үлгерімі жақсы балаларға көп көңіл бөлінеді. Ондай балалармен жұмыс істеу оңай екені түсінікті. Бұл жағдайда басты назар үлгерімі төмен балаларға аударылуы тиіс», – деп жазғы мектептің мақсатын айқындап берген болатын.

Осыған орай қаламыздағы білім ошақтарында жазғы мектеп қалай оқытылады? Бұл туралы қалалық білім бөлімінен сұрағанды жөн көрдік.

– 2020 жылдың наурызынан бастап мектептер коронавирус салдарынан онлайн оқу жүйесіне көшті. Бұл жағдай оқушылардың толыққанды білім алуына кедергі жасады. Сондықтан да оқушылардың күзгі, қысқы, көктемгі демалыстары кезінде барлық мектептерде қосымша сабақтар жүргізілген еді. Оның басты жетістігі оқушылар түсінбеген немесе игере алмаған біліміндегі олқылықтар орнын түзеді. Осы мақсатта жазғы мектеп биыл да жалғасын табады. Ата-аналар тарапынан қолдау бар. Себебі балаларының негізгі пәндер бойынша қосымша білім алғанын құп көреді. Тек денсаулық жағдайына байланысты емделуге кететін оқушылар болмаса қалған оқушылардың жазғы мектептерге келуі арта түседі, – дейді қалалық білім бөлімінің бас маманы Ерлан Боланов.

Онлайн оқу барысында сабақты түпкілікті орындауға мұғалім мен оқушынының бетпе-бет жүздесуі болмаған еді. Енді жазғы мектеп арқылы осы олқылықтардың орны қайта қалпына келмек. Әйткенмен бұл онлайн оқу барысында білім сапасы төмендеді дегенді білдірмейді.

– Жазғы мектепте математика, тіл пәндері, физика, химия, биология, информатика, география, тарих сынды негізгі пәндерге басымдық беріледі. Үй тапсырмасы берілмейді және үй тапсырмасы соған сәйкес сұралмайды, бағаланбайды. Бұл өз кезегінде оқушының шығармашыл еркіндігін қалыптастырады. Бұл білім сапасының артуына жекелей пәндер бойынша өз септігін тигізеді. Дене шынықтыру пәні арқылы әртүрлі спорттық ойындар өткізіліп, салауатты өмір салты қалыптасады, – дейді Е.Боланов.

Қалалық білім бөлімінің берген мәліметке сүйенсек, 2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша 2-4 сыныптар, 5, 6, 7, 8 сыныптар, және 10 сынып оқушылары жазғы мектепке қатысады. 9 сыныптар негізгі мектеп бітіру мемлекеттік емтихандарын тапсыратындықтан жазғы мектептен босатылған. Ал 11 сыныптар мемлекеттік емтихан мен ҰБТ тапсырады.

Өткен жылы жазғы мектепке қатысу әр мектепте 300-650 оқушы аралығын қамтыған. Осы жылы да жаз мезгілінде оқуға сұраныс көбейеді дейді. Себебі балалардың бос уақытын тиімді пайдалануда ұтар тұсы көп.

Ал бұл жөнінде оқушының пікірі қандай? Күн ыстықта мектепке барып сабақ оқуға оқушылар дайын ба?

– Жаздық мектеп оқушылар үшін тиімді деп ойлаймын. Әсіресе ауылда оқушылар уақытты бос өткізбеуіне әсер етеді. Өзім жазғы мектепке баруға талпынып отырмын. Себебі онлайн оқыған кездегі түсінбеген тақырыптарды тереңінен оқимын. Ұстаздар жазғы мектепке күнде барудың қажеті жоқ екенін айтқан. Кесте бойынша өзіңе керек пәннен керек апта күндерінде сабаққа қатыса аласың. Сондықтан да сыныптас оқушылар жазғы мектепке қатысуды жөн көріп отырмыз. Жазғы мектеп қызық болады деген ойдамын, – дейді №147 орта мектептің оқушысы Жадыра Наршаева.

Келтірілген дәйекке сүйенсек, жазғы мектепте білім алудың артықшылығы байқалады. Оқушының рухани дамуы мен ой өрісінің кеңеюіне септігін тигізетініне сенім мол. Рас, білім аламын, шыңдаламын деген талантқа күннің ыстық-суығы әсер етпеуі қажет. Сондықтан да қосымша білім алуға берілген мүмкіндікті пайдалана білген де жөн.

«Ата-ананың қадірін балалы болғанда білесің» – деген сөздің шындығын ата-ана болғанда түсінесің. Жалпы ана атану, бала тәрбиелеу қоғамдағы жауапты істердің бірі екені сөзсіз. Кейбіреулер қазіргі уақытта жастардың тәрбиесі дұрыс емес, олар қалай сөйлеуді, киінуді, жүруді білмейді деп сөгіп жатады. Ал сол «жастарға, жалпы балаға дұрыс тәрбие беріп жатырмыз ба?» деген сұрақ мазалаған жан бар ма екен? Балаға тәрбие құрсақтан бастап беріледі. Яғни ана болу үшін бар жауапкершілікті атқара білу қажет.

ҰРПАҚТЫҢ ЖАҚСЫ БОЛУЫ – ТӘРБИЕДЕН

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Түсіне білген адамға бұл сөзде терең мағына жатыр. Яғни баланы сәби кезінен қолға алсақ, оларға көп тәрбие берген болар едік.

Бүгінде ұрпаққа тәрбие беруден гөрі, оның айтқанын істеу басым. Әркім өз баласының сөзін сөйлеп шыға келеді. Содан ол білгенін істемегенде қайтеді. Тәрбиені қалай беріп жатырмыз, қарапайым түріне тоқталайыншы. Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап, бала жыласа қолына ұялы телефонды ұстата саламыз. Одан 3-4 жастағы өренді теледидардың алдына отырғызып, мультфильм қосып береді. Ол қандай арна көріп отыр, оны тексермейді. Ал 5-6 жастағы жеткіншек компьютердің құлағында ойнап отырады. Бір сөзбен айтқанда, бүгінгінің баласы тәрбиені заманауи технологиялардан алуда.

Сондай-ақ қазіргі балғындар ақшаның буымен өсіп келеді. Мәселен, таныс келіншек екі баласы қолына тиын ұстатпаса, сабаққа бармайтынын естіп таң қалғаным бар. Бұл бір ғана отбасының басындағы жағдай емес. Нақтырақ айтқанда, балаға айтқанын істету үшін қолына ақша беріп жұмсайды. Мектепке үйден тиын-тебен алмай шықпайды. Дәл осылай баланы еркіндікке жіберген қаншалықты дұрыс? Ана мен әке махаббатына зәру балғындар ақшамен өз-өздерін алдап жүрген жоқ па? Үйдің тірлігі, жұмыс деп баламен бірге уақыт өткізбек түгілі, сабағын да қарамайтын отбасылар бар. Бір сәт баланың көзіне қарап, оны жақсы көретінін, тәрбиесі үшін алаңдайтынын айтып отыру да керек болар.

Қоғам үшін әр отбасында тәрбиеленіп жатқан баланың орны ерекше саналады. Сондықтан оның бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, адамгершілік сынды құнды қасиеттерді сіңіріп отырған жөн. Жасөспірімдер арасында қылмыстың көбеюі, олардың бұзақы әдеттерге баруы, түнгі ойын клубтарын жағалауы бәрі тәрбиеге байланысты.

«Тәрбие – тал бесіктен басталады», «Баланы – жастан» деген ұлағатты сөздердің өзі тәрбиенің басын көрсетіп отыр. Себебі есейіп кеткен соң оның теріс мінезін, қалыптасқан қате көзқарасын өзгерту өте қиын. Бала тәрбиелеуді бесікке бөлеуден бастасақ, мұның өзі қазір үлкен дауға айналды. Сәбиді бесікке бөлеуді қаламайтындар бар. Сонда ұлттық құндылығымыздың расында жоғалып бара жатқаны ма?

Тәрбие берудің негізгі мәйегі – мейірім мен сүйіспеншілік. Бұл махаббатқа олар қашанда шөлдеп тұрады. Сондықтан баланы шексіз мейіріммен өсіру керек деп түсінемін.

Бала тәрбиесі жөнінде Абай: «Адамның жақсы болуы тегінде емес, тәрбиесінде, ақылында, өнер, білімінде. Адамға адамнан үш алуан мінез жұғады: ата-анадан, ұстазынан, құрбысынан. Әсіресе олардың қайсысын жақсы көрсе, содан көп жұғады», – деп, осы үшеуінен баланың болашағы шешілетінін ескерткен. Біздің қоғамда бала тәрбиесіне үлкен көңіл бөлу – заман талабы. Елдің ертеңі – жасөспірімдерге лайық тәрбие беру басты міндет екенін естен шығармайық.

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты – балада» деген екен. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздейді. Мұның бәрі – түсінген адамға қолдың кірі. Адамға нағыз бақытты тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса, адам өмірінің мәні – өз ұрпағымыздың тәрбиесіне көңіл бөліп, бақытты басқадан емес, баладан іздейік.

ДИРЕКТОРЛАРДЫ ШЫҢДАЙТЫН САЙЫС

Қаламызда «Edcrunch Headmaster» атты мектеп директорларының арасында ұйымдастырылған І республикалық байқау өтті. Бұл шара елімізде алғаш рет өткізілді. Білім бәсекесінде білім беру ұйымдарының басшылары бақ сынады. Аймақта ұйымдастырылған айтулы шараға облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова қатысып, мектеп басшыларына сәттілік тіледі.

– Облыстық білім басқармасы мен «Серіктес директорлар» лигасы ұйымдастырған байқау мектеп басшылары үшін үлкен серпіліс сыйламақ. Білім беру жүйесінде жүріп жатқан өзгерістер педагогтердің ғана емес, білім беру ұйымдары басшыларының да үздіксіз кәсіби дамуы қажеттігін айқындап отыр. Сондықтан да, лига өзге де облыстардың білім беру басшыларымен әріптестік тәжірибе алмасу бағытында алғаш рет конкурс өткізуді мақсат етті. Ортақ құндылықтарды дамыту, идеялар алмасу арқылы жаңа көзқарастағы азаматтарды қалыптастырамыз, – деді басқарма басшысы.

Байқау өзара тәжірибе алмасу және білім беру ұйымының озық инновациялық идеяларын насихаттауды мақсат еткен. Білім бәйгесіне Шығыс Қазақстан, Ақмола, Түркістан, Қызылорда облыстары мен Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларынан 6 директор қатысты. Олар 5 кезең бойынша біліктіліктерін көрсетті. Білім ұйымының басшылары І кезеңде соңғы 3 жылдағы жетістіктері бойынша «Мен табысты басшымын» тақырыбында бейнеролик дайындаған. ІІ кезеңнің шарты бойынша «Басқарудағы менің жетістіктерім» тақырыбында өз мектебі бойынша атқарған жұмыстарының таныстырылымы жасалды. Ал ІІІ кезеңде «Жаңа мектеп – жаңарған жоба тақырыбында өз жобаларын қорғаған. IV кезеңде мектеп директорлары TedX форматында берілген тақырып бойынша ашық алаңда пікірін білдірді. Ең соңғы V кезеңде басқару жағдаяттарын шешу бойынша сайысқа түсті.

Байқаудың нәтижесі бойынша бас жүлдені қаламыздағы №101 мектеп-лицейінің директоры Айгүл Алтынбекқызы жеңіп алды. Ал ІІ орынды Ақмола облысының Щучинск қаласындағы №7 мектеп-лицей директоры Дамир Сураганов иеленді. Түркістан облысы, Ата түрік атындағы №17 мектеп-гимназия директоры Рахила Үрімова жүлделі ІІІ орынға ие болды. Жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар мен арнайы алғыс хат табысталды.

Тәрбиеші Салтанат

Тәрбиеші мамандығының қиындығын сол кәсіпті таңдаған, осы жолда еңбек етіп, тер төгіп жүрген жан ғана түсінеді. Қызығы мен қиындығы мол мамандық иесінің жұмысы туралы бір сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Өз ісіне жан-тәнімен беріліп, қызмет атқарып жатқан олардың еңбегі ұшан-теңіз.

Сондай жанның бірі – қаламыздағы «Сыр дидары» бөбекжай-бақшасының ІІ санаттағы тәрбиешісі Салтанат Бакенова. Ол топқа кірген әр баланы жылы шырай мінезімен күліп қарсы алады. Бір мезетте әр үйдің еркесімен тілдесу – сырт көзге ғана оңай көрінер. Салтанат Бакенова мамандығының қиындығына қарамастан осы саланы қалады. Себебі көңілі тап-таза ақ қағаз тәрізді балаларды жақсы көретін. Сол балаға деген махаббаты, шексіз көңілі тәрбиеші болуға жетеледі. Арман жетелеп Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығына оқуға түседі. Сонымен қатар «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығын бітіреді.

Үлкен жауапты қызметті абыройлы атқару да оңай емес. Әр баланың көңілін табу, ән-би үйрету, оларға тақпақ жаттату күрделі жұмыс. Бірақ Салтанат жұмысын қиындатпай ізгі ниетпен жасайды. Шын көңілмен жасаған жұмыс әркез көптің көңілінен шығатыны белгілі. Осындай еңбекқорлығы арқасында абырой биігінен түспей келеді. Тәрбиеші қызметін атқарғанына сегіз жылдан асты.

– Баланы қалай шимайласа солай қалыптасады. Яғни, алғашқы тәлім-тәрбие, адамгершілік қасиеттер – оның өмір парақтарының алғашқы беті. Сол үшін тәрбиешіге үлкен жауапкершілік жүктеледі. Топтағы әрбір бала ашылмаған сыр, құпия. Әрқайсының мінезі әр түрлі. Бір бала жылдам болса, екіншісі баяу, барлық нәрсені байыппен жасағанды жақсы көреді. Ал үшіншісі өзімен-өзі отырғанды жаны сүйеді. Солардың мінезіне сәйкес, жұмыс жасауға тырысамын. Біздің мамандық балаға деген махаббатсыз болмайды. Мен оларды жақсы көремін. Әрбір ісіне, сөзіне түсініп қараймын. Баланы топқа үш жастан қабылдаймыз. Балабақшаға келгенде ерке балғындар, есейіп көп нәрсені біліп шығады. Балабақшадан қоштасарда кәдімгідей қимастық болады, – дейді тәрбиеші Салтанат Бакенова.

«Баланы ең әуелі мейір-шапағатқа, одан соң ақыл-парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғылымға, еңбекке баулы» деген екен Абай атамыз. Тәрбиеші Салтанаттың бойынан осы қасиеттерді анық көруге болады. Кәсібін шын жақсы көреді. Оларға деген мейірімі көзінен байқалады. Сонымен қатар әркез шығармашылық ізденісте жүреді. Балалардың әр түрлі қырын таныту мақсатында ерінбей еңбек етеді.

– Балалармен жұмыс жасау – үлкен бақыт. Себебі тек қана бала еш нәрсеге алаңдамай мейірімділікке сенеді. Бүлдіршіндердің қуанғаны маған шаттық сыйлайды. Кейде жұмыстан үйге келгенде, шаршағанымды сеземін. Алайда бүлдіршіндердің маған деген ықыласы шаршағанымды басады, – дейді ол.

Өз мамандығын жетік меңгерген Салтанат оларды педагогикалық негізде тәрбиелейді. Әр сабағында бүлдіршіндермен бірге ән айтады, сурет салады. Үш жыл бойы өз тәрбиесіне алған «Ақбота» тобы биыл мектепалды даярлықта. Бұл топтағы бүлдіршіндерді мектепке шығарып салатындықтан қимастық сезім бар.

Салтанат Бакенованың сегіз жыл атқарған жұмысындағы нәтижесі де жоқ емес. Бүлдіршіндерді жетістікке жеткізіп, өзі де биіктен көріне бастады. Еңбектері елеусіз қалған емес. Осы уақыт ішінде 2019 жылы қалалық білім бөлімінің «Құрмет» грамотасымен, 2020 жылы «Шебер педагог – 2020» І орын дипломымен марапатталған.

Салтанаттың өмірден түйгені – ең бірінші қоғамға мейірім керек. Сондықтан да бүлдіршіндерге мейірім төге отырып, биік белестерге жетуіне жауапты екенін еш уақытта естен шығармайды. Бөбекжайдағы әрбір балаға ізгілікті, жақсылықты үйретеді. Жақсы бала тәрбиелеуді мақсат етеді. Осы бағытта да бірқатар жетістікке жетті. «Нұрлы жастар – болашаққа жол бастар» атты республикалық өнер байқауына және «Кемел» өнер орталығына үздік шәкірт дайындағаны үшін Алғыс хатпен марапатталған.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді. Расында, қазіргі қоғамда бүлдіршіндерді ұрған, соққыға жыққан тәрбиешілер әлеуметтік желілерді шарлап кетті. Біз тек жамандықты көретін секілдіміз. Соларды көрсетіп, насихаттаймыз. Сол үшін де арамызда жақсы жандар бар екенін насихаттап, оларды үлгі ету қажет.

Бүлдіршіндерді өз баласындай жақсы көретін, оларға ерекше мейіріммен қарайтын тәрбиешілер әсте жоқ емес. Біздегі мақсат – бір ғана Салтанаттың жұмысын көрсету арқылы тәрбиешілерге деген жақсы көзбен қарауды сезіну. Өмірде жақсы адамдар да бар. Тек пейіліміз түзу болса болғаны...

Бетті дайындаған
Айтолқын АЙТЖАНОВА

ҰЛЫТАУ ҰЛЫЛАРҒА БОЛҒАН МЕКЕН, ЖЕР БАР МА, ТҮСІНГЕНГЕ СЕНЕН КӨРКЕМ

КЕТБҰҚА ЖАЙЛЫ БІРЕР СӨЗ

Түн. Маңайға жарықшамдар орнатылған. Айналаны түгел жарықтандырып тұр. Жошы хан кесенесінің жанына орнатылған Кетбұқа баба белгітасының қасында отырмын. Ойды ой қозғап, батыр баба жайлы білетінімді еске түсіре бастадым. «Жошы хан» тарихи-мәдени кешенінің бөлім меңгерушісі Бақытжан Көпбаев пен Сәтбаев қалалық «Шарайна» газетінің бұрынғы директоры Бауыржан Бірмановтың айтқан тарихи деректері тағы бар.

Қазақ даласындағы аңыз тұлғаның бірі – Кетбұқа. Алып адам жайлы жазылған еңбек аз емес. Есімі алты алашқа белгілі тұлға Мұхаметжан Тынышбаев: «Кетбұқа – аңыз бойынша көне замандағы қазақтың ең ұлы абызы, сиынатын пірі, бақсылар осы күнге дейін оның атын атап, аруағын шақырады», – десе ғалым Тұрсын Жұртбай: «Қазақ елінің сондай қасиетті дегдарларының бірі – ұлы жыршы, ұлы ноян Кетбұқа. Ол туралы аңыздардың әрқайсысында тек қана елдің мүддесі қозғалады. Соған қарағанда, жердің бетіне ойран сала келген он үшінші ғасырдағы «сұм заманның» тұсында ғұмыр кешкен Кетбұқаның тағдыры да тістескен тамыр сияқты Шығыс пен Батыстың арасындағы ондаған халықтың бақ-талайымен байланысып жатыр. Бірақ қай жұрттың шежіресінде қандай кейіпте суреттелсе де, қазақ үшін ол – сол бір елі үшін аңырата қобыз тартып, домбырамен күй шертіп, көкірегі қарс айрылған абыз, қабағынан қар жауған Шыңғыс ханның өзіне елі үшін басын тігіп, ұлының өлімін естірткен дана жырау, ең соңында, үрім-бұтағын құртып жібермес үшін Иерусалимге жорыққа аттанған Хұлауғу ханзаданың саяси кеңесшісі болған әскербасы», – деген ойын жеткізеді.

Жыраулар поэзиясының көрнекті өкілі, дауылпаз ақын Доспанбет жырау:

Күдеріден бау тағып,
Кіреуке киер күн қайда?!
Күмбір-күмбір кісінетіп,
Күреңді мінер күн қайда?!
Толғамалы ақ балта,
Толғап ұстар күн қайда?!
Алты құлаш ақ найза,
Ұмсынып шаншар күн қайда?!
Садақ толған сайгез оқ
Масағынан өткеріп,
Басын қолға жеткеріп,
Созып тартар күн қайда?!
Кетбұқадай билерден
Кеңес сұрар күн қайда?!
Еділдің бойын ен жайлап,
Шалғынға бие біз байлап,
Орындықтай қара сабадан,
Бозбаламен күліп-ойнап,
Қымыз ішер күн қайда?! – деп көкірегі қарс айрыла жырласа, 19 ғасырдың аламан батыр-ақыны Махамбет ұстазы Доспамбет жыраудың сөзін жалғастырып:

Кетбұқадай билерден
Ақыл сұрар күн қайда?!
Бізді тапқан ананың,
Асыраған атаның
Қолын алар күн қайда?! – деп жырлайды.

Кетбұқа Жошы ханның қырық батырының бірі ретінде қазақ-қырғыз тарихында айтылады. Бұл жайында Қ.Сәтбаев атындағы тарихи-өндірістік мұражай директоры Кенжалы Балкенов «Ұлы жырау Кетбұға» атты еңбегінде айтып өтеді. Ол: «Қырғыздармен шайқаста ерлік көрсеткен Шыңғыс ханның мың басы Бағары Нұқы батыр туралы деректер моңғолдың құпия шежіресінде келтірілген. Міне, осы Бағары Нұқы батыр Кетбұқа жырау деген дерекке сабырлықпен қарап, зерттеуіміз қажет. Бағары Нұқа, Кет би, Кет абыз, Кетбұғы, Кербұғы, Кетбұқа, Құтбұқа осындай атауларды бір жүйеге келтіру – ұрпақ парызы. Кезінде кең далада билік құрған Инанғ Білге Бұқа хан, Таян Бай Бұқа хан, Алып Терек Бұқа хан. Сол бабаларына ұқсатып Кетбұқа деп қойған. Мысалы, Инанғ Білге Бұқа хан осындағы «Инанғ» сөзі «билік», «Білге» – «данышпан», «Бұқа» – «алып күш» иесі дегенді білдіреді. Осы сарындас Кетбұқа – «Кет» «ел көсемі» деген мағына білдірсе, «Бұқа» «алып күш иесі». Алып Терек Бұқа хан – Отырар қаласының билеушісі Қайырхан. Бір сөзбен айтқанда, Алаштың мемлекет қайраткері Кетбұқа бабамыз кезінде Палестина жерінде Құлағу Елханымен бірге өз саясатын жүргізген Елатасы.Осындай ұлт тарихында терең із қалдырған көреген саясаткер, шебер дипломат, мемлекет қайраткері, сәуегей әулие Кетбұқа жырау біздің ой-санамыздан өз орнын толық алды деп айта аламыз ба?», – деп ойын жеткізеді.

Кетбұқа бабамыз жайлы мәліметтер түрколог Лев Николаевич Гумилевтің зерттеулерінде де кездеседі. Оның «Этнос және Жер биосферасы» атты кітабының бір тарауы Кетбұқа бабамызға арналған. Кетбұқа ноян Айнжалутта қайтыс болған. Бұл – ешкім дау айта алмайтын тарихи факт.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбай: «Бір жыл ішінде мұсылман елдерін таптап өткенін көрген христиандар ата жауын құртқан Құлағудың әскерімен одақ жасасты. Армян патшасы Гетум I мен Антиох кінәзі Боэмунд IV монғолдарға қосылды. Соның нәтижесінде 1259 жылы күзде Египетке бірақ жетті. Ең соңғы мұсылман мемлекетінің мойнына семсер төніп тұрғанына қуанған Батыс Еуропадағы христиандар Құлағу мен Тоғыз хатунды Константин мен Еленаға теңеп, «егер де монғол әскері шекараға ілінсе-ақ, Христостың қызметшілерін соғыс майданынан көреді» деді. Кетбұқа ноянның кеңес ордасы Иерусалимге ту тігіп, Тир, Сидон, Акра қамалына орналасты. Ал өз еркімен берілген жауға Шыңғыс дәстүрінде барынша құрмет көрсетіледі. Сондықтан да Иерусалим королінің әскері монғолдың оң қанаттағы қолы боп бекітілді. Міне, дәл осы кезде Құлағудың ең соңғы шешуші майданға шығуына екі үлкен кедергі кездесті. Жаз айында монғол қызына үйленген грузиннің Ұлы Давид пен Кіші Давид патшалары көтеріліске шықты. Құлағу соларға аттанды. Екі патша да халқын қырғынға тастап, қашып кетті.

Лев Гумилевтің пайымдауынша: «Патшалардың ақымақтығы Грузияны қызыл қанға бөктірді, ал христиандардың мүддесі мүрдеге айналды. Өйткені монғолдар Грузияның әскерінен сүйеніш тауып, Палестинадағы әрбір жауынгерді аман сақтаудың орнына, бар күшін олардың өзін талқандауға жұмсады. Жағдайдың дәл осындай боп қалыптасуы жаужүрек мамлүктердің пайдасына шешілді». Біздің қосарымыз, дәл осы деректен Құлағудың да, Тоғыз хатунның да христиан діні үшін күреспегені көрінеді. Әйтпесе, мұсылманның езгісіндегі грузиндер оларға діни бостандық әперуге келген адамға қарсы шыға ма? Кетбұқа ноян бұл жазалау жорығына қатыспады. Ол Иерусалимде қалды. Күзге қарай Құлағу қыпшақ мамлүгі Құтіз билеген Египетке жорыққа аттанғалы жатқанда, Мөңке қағанның қазасы туралы хабарды естіді. Мұндай қаралы мезетте барлық іс-әрекет тоқталып, Шыңғыс тұқымының бірі қалмай, құрылтайға қатысуы тиіс еді. Оның үстіне, жаңа қағанның кім боп сайлануы Құлағу үшін шешуші мәселе еді. Сондықтан да Құлағу илхан әскерін Иранға әкетті де, тек Кетбұқа ноянға қарасты 20 мың жасақты Палестинада қалдырды. Құлағу ордаға аттанарда: – Мөңке қағанның жаны Көк Тәңірімнің қасына қонақтаған екен. Бірақ алтын бұғауының кілтін маған беріп кетті. Сол кісеннің кілтін әкем Шыңғыстың, ағам Жошының, Мөңке қағанның алтын айдарын көрген саған тастаймын. Жыл өтпей қайырылғанда қолыма тапсыр. Қамалдарды қадағала. Құтыз бен Бейбарыс қыпшақтан шыққан. Солармен мәмілеге келе тұр, – деді. Кетбұқа ноян Илханға қарсы уәж қайырмады. Ол өзіне осыншама шексіз билік әперген Мөңке қағанның әмірлік пайзісі – «алтын шынжыры» сол Мөңкенің өлімімен бірге үзіліп түсетінін білген жоқ. Өйткені бір кезде, осыдан отыз жыл бұрын бұлардың мойнына қамыт кигізіп, құлдыққа сатқан монғолдардың қорлығын мамлүктер ұмыта қойған жоқ болатын. Туған жерден айырғанына кектенген олар өліспей беріспеуге серттесті. Бұл арада сәл тарихи шолу жасауға тура келеді. Себебі Құлағу бастаған әскерлердің дені қыпшақтар еді. Ал мамлүктер де түркі тұқымынан болатын. Қандары бір адамдар неге сонау алыс жерде бір-біріне қарама-қарсы тұрып, қан майданда бірін-бірі жер жастандырды деген сұрақтың қойылуы орынды. Оның астары өте тереңде және дербес әңгіменің арқауы. Алайда бұл арада қысқаша ғана тоқталып өтеміз. Дүние тарихындағы ең бір қанқұйлы дәуір атанған X-XIII ғасырлар адамзат баласы бұрын естіп-білмеген тосын оқиғаларға толы болды. Таяу Шығыстағы мұсылман мен христиандардың арасындағы жанкешті шайқастар үздіксіз жалғасып отырғандықтан да «қасиетті жер» әбден қанға бөгіп еді. Иерусалим шаһары біресе мұсылмандарға, біресе христиандарға қарады. Ал Египет мемлекеті өзінің үстемдігінен айырылды және де сауда-саттықты, көпестікті кәсіп еткен фаллахтар қазынаға салық төлеуді ғана білді. Олар ешқандай әскери іске араласқысы келмеді. Соның салдарынан ежелгі Египет басыбайлы мемлекетке айналмас үшін Салахаддиннің тұқымдары жалдамалы жасақ ұстауға мәжбүр болды. Оларды мамлүктер, яғни мемлекеттік жасақтар деп атады. Мамлүктердің дені тұтқынға түскен не құлдыққа сатылған түркілер еді. Әсіресе монғол шапқыншылығы тұсында олардың саны күрт өсті. Өздерінің қол күшіне сенген мамлүктер бірте-бірте мемлекеттің билігін өз қолдарына алды. Мұсылман дініне кірген мамлүктер өте ұйымшыл, ержүрек, әскери іске өте қабілетті еді. Иерусалимге бекінген Кетбұқаның әскері өзінің қандастарының мүмкіндігін бағаламады және олардың христиандар үшін жаны неге күйетінін түсінбеді. Еш қауіп күтпеді. Сондықтан да: «Сириядағы монғол әскерінің қолбасшысы Кетбұқа ноян өзінің шағын қолымен (Киракостың есебінше 2 000, ал Гайтонның есебінше 100 000 мың) Баалбектің түбінде қаннен-қаперсіз тұрды. Шығысында оларды шөл қорғаса, батысында христиандардың қамалдары қоршаған еді. Өкінішке қарай, Кетбұқа шөлдің жағдайын жақсы білгенімен, христиан серілерін білмейтін. Бұларға шабуыл жасаған монғолдар сияқты мамлүктер де даланың еркін ұлы еді, ал әскери талантқа келсек, қыпшақ Құтыз бен Бейбарыс найман Кетбұқадан кем түспейтін». Бұл Т.Жұртбай негізге алған Лев Гумилевтің жазбаларынан келтірілген мәліметтер.

Осы шайқаста Кетбұға қолға түсіп, оны Құтыз өлтірген еді. Бұл жағдайды Гумилев былайша баяндайды. «Әскері мен аттарын әбден тынықтырып алған Құтыз франктердің иелігіндегі Галилейді басып өтті, сөйтіп, Дамаскіге төтелей шабуыл жасауды ұйғарды. Өзінің қарамағындағы монғол салт аттыларымен және армяндар мен грузиндерден құралған қосалқы жасақтармен аттанған Кетбұқа 1260 жылы 3 қыркүйек күні Айн-Жалудтың (Назареттің маңы) түбінде жау әскеріне тосқауыл қойды. Монғолдардың аттары жорықтан кейін бұрлығып қалып еді, бірақ та олар ешқашанда жеңілістің дәмін татып көрмегендіктен, көңілдеріне күдік алмады. Өздерінің құдіреті мен ержүректігіне сенген олар қаны қыза алға ұмтылды. Құтыз әскер санының басымдығын пайдаланып, қос қанаттағы қолды тасаға жасырып қойды да, досы Бейбарыс қолбасшылық ететін негізгі күшті Кетбұқаға қарсы шығарды. Монғолдар шабуылға шығып, тағы да қыпшақтармен қылыш түйістірді. Бейбарыс шабуылды тойтарып тастады. Сол кезде қос қанаттағы әскерлер тасадан шығып, монғолдарды қоршап алды. Кетбұқа қалайда туды жаудың қолына түсірмес үшін шайқас алаңында ойқастай шауып жүрді, бірақ та оның астындағы атын мертіктірген мамлүктер ол жерге құлағанда жапа-тармағай бас салып ұстап, қолын қайырып тұтқынға алды. Әскерінің тас-талқаны шықты. Майдан даласынан қашқандар да аман-есен құтылмады. Олардың зорығып кеткен аттары мамлүктердің тың аттарынан қара үзіп кете алмады. Сарылардың жорығы қаралы аяқталды. Қолы байланған Кетбұқаны Құтыз сұлтанның дәргейіне әкелді. Тұтқынға түскен найман жеңіске жеткен құман-қыпшақтың бетіне тура қарап тұрып: «Құлағу хан Египеттің қақпасын қақ айыратын қалың салт атты әскермен келіп, сенің сазайыңды тартқызады әлі. Мен өз ханыма адал қызмет еттім және ешқашан да ханымның қанына ортақтасқан жоқпын», – деді де ана тілінде сөйлей жөнелді: – Сен, Құтыз, қаның қыпшақ болса да, қарғыбаулы төбетсің. Затың құл болмаса да, атың құл, мамлүксің – мемлекет құлысың. Кімнің жоғын жоқтайсың? Шаджарат сұлтаншаның етегіне жабысып, Тұран шахтың, одан Айбектің көзін құрттың. Шаджаратты зынданға салдың. Бүгін, міне, ата тегіңнің аруағына сиынып келген өз еліңнің азаматын қырып отырсың. Сонда сенің жоқтағаның кімнің, қай елдің намысы? Сен одан да, есің барда еліңді тауып, жалдамалы құлдықтан құтыл. Өлсең, мыналар сияқты жоқтайтын елің қалсын артыңда. Мен исі Дешті Қыпшақтың Ұлығ биімін. Төрелігім мынау: қарғыс, қарғыс саған! – деп бетіне түкіріп жіберді. Мұндай қорлыққа шыдамаған қандыкөз, қатыгез Құтыз қайқы қылышты суырып алды... Лезде Кетбұқаның аппақ сақалын қан жауып, абыз денесі етпетінен сұлап түсті».

Кетбұқаның керемет күйші болғанын тарихтың өзі дәлелдеп отыр. Ол Шыңғыс ханның баласының өлімін домбырамен, кейбір деректерде қобызбен күй тартып естірткен деп айтылады. Қазақ даласында сақталған аңызда Кетбұқаның есімі әйгілі «Ақсақ құлан» күйімен тығыз байланысты болып келеді. «Ақсақ құлан» десек, Кетбұқаның, Кетбұқа десек, «Ақсақ құланның» қосарлана айтылатыны белгілі.

Өнер саласының зерттеушілері Кетбұқа жыраудың халық арасына кең тараған күйлеріне «Нар идірген», «Күйдім-жандым», «Ақсақал», «Жошы хан», «Ақсақ құлан», «Жылан қайыс», «Ел бірлігі» күйлерін де жатқызады.

Қалай десек те, Кетбұқа бабамыз – исі қазаққа, тіпті бар түркі жұртына ортақ тұлға.

ДОМБАУЫЛ БАБА КІМ БОЛҒАН?

Таң шапақтанып арайлана бастағанда біз мінген микроавтобус Жошы хан кесенесінен Домбауыл баба кесенесіне қарай бет бұрды. Жолбасшымыз – Сәтбаев қалалық «Шарайна» газетінің бұрынғы директоры Бауыржан Жанбауұлы Бірманов.

– Ал, жігіттер, қазір Домбауыл баба кесенесіне барамыз, – деп сөз бастаған Баукең оның бұл маңнан алыс еместігін жеткізді. Әне-міне дегенше көлікті тізгендеп отырған Зейнулла межелі орынға жеткізді.

– Домбауыл аңыз бойынша Кетбұқаның әкесі деп айтылады. Кесененің орналасқан жері де ерекше. Бұл жер түгелдей мемлекет қорғауына алынған, – деді Б.Жанбауұлы.

Домбауыл – аңыз кейіпкері емес, өмірде болған тарихи тұлға екені даусыз шындық. Оның Шыңғысханның замандасы болғанын, өзі еліне қайтқанда баласы Жошыны Қыпшақ даласын билеуге қалдырып, қасына Домбауылды әрі ақылшысы, әрі қорғаушысы етіп

бергенін айғақтар нақты деректер де баршылық. Сондай-ақ Домбауылдың өз заманында әрі батыр, әрі қолбасшы, әрі би, әрі мерген болғанын дәріптейтін әңгімелер де жетіп артылады. Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақстан Республикасының ұлттық мұрағатында сақталған академик Әлкей Марғұланның жеке қорындағы деректерде «Домбауылды атақты мерген, ақын және музыкант – күй шығарушы» деп жазады. Ал шежірешілер болса, оның қазақтың Бағаналы Найман тайпасынан шыққанын және балалары Кетбұға мен Келбұғадан тараған ұрпақтың кімнен кімнің туғанын тізбектей таратып, бүгінгі күнге әкеліп бірақ тірейді. Міне осының бәрі Домбауылдың тарихи өмірде болған адам екені және оның 13 ғасырда өмір сүргенінің нақты дәлелі. Мұның солай екенін Жошының мазары мен Домбауыл кешенінің Кеңгір өзенінің бойында қатар орналасуы да айғақтай түседі. Бір жерде бірге өмір сүрген адамдардың бейіттері ғана осылай қатар жатса керекті.

Осындай айғақтарға қарамастан кейбір ғалымдардың Домбауыл кешенінің салыну мерзімін VI-IX ғасырларға теліп, ал енді біреулерінің XIV-XVII ғасырлардың мұрасы етіп көрсетуін қай тұрғыдан алып қарағанда да ешқандай қисынға келтіру қиын. Олай деуге негіз болар не ауызша, не жазбаша дерек жоқ. Рас, Домбауыл кешені салыну стилі жағынан алдыңғы ғалымдар көрсеткендей, Түрік

Қағанаты заманындағы Алтайда салынған мазарларға ұқсайды.

Домбауыл кешені Алтайдағы мазарлардан да, тіпті өзіміздің Қозы Көрпеш – Баян сұлу мазарынан да ерекше, олардай сопақ емес, иықты ақ орда секілді көлемді де күмбезді, алыстан қараған адам қара туырлықты алып киіз үй дерліктей. Бұл ерекшелік те Домбауыл кешенінің кейіннен сол XIII ғасырда салынғанын айғақтай түседі. Бұл ретте өзгелерден гөрі Домбауыл тарихын түбірлей зерттеп жүрген тарих жанашыры ұлытаулық азамат Серік Тілеубаевтың жазған мақаласындағы деректер жұртшылықты көбірек сендіреді. Ол сүйеніп жүрген халықтың ауызша тарихының деректері өмірдің өз шындығын айғақтап тұрғандай әсер береді. Ақиқаты да солай болса керек.

Мәліметіміз толыға түсу үшін Ғ.Ештанаевтың «Уық шаншылған Ұлытау» кітабынан үзінді келтіре кетейік.

«Ел ішінде Жошы, Шыңғыс хан туралы айтылған, айтылып жүрген әңгімелердің қай-қайсысы болса да Домбауыл батырдан айналып өтпейді. Домбауыл батыр, Домбауыл би, Домбауыл қолбасы, Домбауыл мерген ретінде әңгімеге өзек болып келеді. Бұл туралы белгілі қаламгерлер Мұхтар Мағауин, Әкселеу Сейдімбеков, Қойшығара Салғарин, Тұрсын Жұртбаев жазған ғылыми-тарихи негіздегі шығармаларда да Домбауыл батыр ел ішіндегі әңгімелерге орайластыра айтылады. Әйгілі тарихшы Құрбангали Халитұлының «Сегіз оғыз елінің қалай қалыптасқанын баяндағанда теріс таңбалы тайпа аты Домбауыл екеніне ерекше мән береді. Осыған орай сонау Қытай, Моңғолия, Түркия елдерінде тұратын қандастарымыз да «Теріс таңбалы тайпаның аты Домбауыл екен. Найманның ноқта ағасымын деп басқа найман тайпаларына (тоғыз тайпаға) таңба үлестіріп, өзіне таңба жетпей қалғандықтан таңбаны теріс басып, содан теріс таңбалы атаныпты» дегенді айтады. Сонда «Тоғыз тайпаға таңба үлестірген Домбауыл кім? Бұл туралы қаншалықты мәлімет бар?» дегенге келсек, жоғарыда айтылғандарға қоса академиктер Әлкей Марғұланның, Ахмет Жұбановтың, шежіреші ғалым Мұхаметжан Тынышбайұлының, шежіреші Нығмет Мыңжанұлының жазған жолдарында да Домбауыл батыр Найманнан шыққанын тайға таңба басқандай айқындап көрсетеді. Мұның сыртында бүгіндері шежіре жинауға зер салып, көп ізденістердің нәтижесіне жетіп жүрген шығысқазақстандық бауырымыз Қазақстанның құрметті журналисі Серік Ғабдуллиннің жазғандарында да Домбауыл батырдың шығу тегі жан-жақты ашылған. Олардың бәрінде де Домбауыл батыр Шыңғысханның оң жақ тізесінен орын алған ықпалды адам ретінде айтылады. Домбауылдың қадіріне жетіп, оның қасиетін ұққан Шыңғыс хан оны үлкен ұлы Жошының қасына ақылшы етіп қосады. Бұл қалай дегенде де тарихи шындыққа келеді. Себеп – Жошының мазарының жанында Домбауыл кесенесінің тұруы, тіріде қорғаны болуы көп жайттан хабар бергендей. Қазақтың «өлсек моламыз бір төбенің басында болсын» дейтін сөзі барын да еске алайық. Шындығына келгенде де Жошыдай бахадүрдің қасына белгісіз адамның мазары салынбасы әбден түсінікті. Айтқаны әділ, көздегені қате кетпейтін Домбауыл батырға қатысты айтылатын әңгімелердегі деректер дала төсінде сайрап жатыр. Сонау Жошы мазары мен Домбауыл кешені тұрған далада көсіліп Кеңгір ағып жатыр. Ұлытауға қарай шығар беткейде Ақсай өзегі тұр. Осы Ақсайдың басы «Дабыл қорасы» аталады. Бұл Жошының құланға дабыл қаққан жері деп айтылады. Осы жазықтың енді бір беткейінде «Топырақ суырған» деп аталатын ойпаң бар. Бұл ойпаң Жошы денесін құлан таптағаннан кейін барып «Топырақ суырған» деп аталса керек. Осыған қоса, құлан мен Домбауылға қатысты әңгімелерге өзек болатын жер аттары да жетерлік. Мәселен, Тарбағатайдан Іле өзеніне дейін қазылған құлан өтпес ордың сорабы бар. Оны кезінде Шоқан Уәлиханов та жеріне жеткізе жазған. Сондай-ақ Арқа мен Шудың арасын жалғайтын құланға қатысты жерлер жетерлік. Шу бойындағы «Бес құлан», «Қабан құла», «Әңкей», «Бөкенсан нұрасы» деген жер аттары сол кезеңдерден сыр шертеді. Басын сонау Ұлытаудан алып жатқан, солтүстікке қарай ұмсына созылған «Құлан өтпес», «Терісаққан» өзендерін көргенде аңыздың шындыққа айналғанына көзіміз жеткендей болады. Қолдағы деректерге зер салсақ, Жошы хан Бетпақдалада құлан аулап, саятқа шығып жүрген кезінде қазаға ұшыраған. Бұл – 1227 жылдың ақпаны. Бұл – тарихи шындық. Осы шындық аңыз-әңгімеде былай айтылады: «Домбауыл Шыңғыс ханның үнемі жанында ұстаған андасы, мергені екен. Хан саят құрып аңға шыққанда, Домбауыл әркез қасында болған. Бәйтерек басына ілген күміс теңгені көздемей түсіретін ғаламат мерген, айтулы батыр және домбыра мен қобыздан күмбірлетіп күй төгетін күйші, сазгер адам болған. Домбауыл Қыпшақ даласының Ұлығ биі, аталық жырау Кетбұқаның туған әкесі. Шыңғыс хан 1225 жылы Сартауылдан Қыпшақ даласын басып, Қарақорымға қайтқанда, тұңғышы Жошының жанына жеті жыл өзінің сарай мергені болған сенімді батыры Домбауыл мен оның бел баласы Кетбұқаны қалдырған. Міне, осы әкелі-балалы Домбауыл мен Кетбұқа Жошы хан қайғылы қазаға ұшырағанша оны қызғыштай қорыған, сенімді кеңесшілері, арқа сүйер тірегі болыпты. Домбауыл өлгенде артында қалған қалың ел оған биік кесене соқтырған. Ол кесене бүгінге дейін Ұлытаудың басында, Жошының қасында...»

Иә, Жошы мазары қасында Домбауыл кешені тұрғаны рас. Кеңгір өзенін бойлап Жезқазған қаласының солтүстігіне қарай жүргенде 50 шақырым жер. Жошы мазарымен екеуінің арасында дауыс жетеді. Іргетасы төртбұрышты. Биіктей келе күмбезденіп, бітім тұлғасы аса қарапайымдылығымен, беріктігімен ерекшеленеді. Биіктігі 9,5-10 метрдей. Қабырғаларының қалыңдығы екі метрге жуық. Жергілікті сұр гранит тастан арасына айрықша лай қосылып қаланған.

***

Домбауыл батыр кесенесін көріп, таң-тамаша болдық. Жанында тұрған балбалтастар да ерекше кейіпте. Бір қарағанда бәрі бірдей көрінгенімен әрқайсысының өзіндік бет пішіні әртүрлі етіп жасалған.

– Домбауыл батыр кесенесінің орналасқан орны айрықша екен. Кесененің өзі көненің көзіндей болып, талай тарихты ұқтырып тұрғандай. Түсінген адамға мына балбалтастардың өзі көп сыр айта алады. Қалай десек те ұлт тарихының ең бай бөлігінің бірі Ұлытау жерімен сабақтасып жатыр, – деді филология ғылымдарының кандидаты, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Аманжол Оңғарбаев.

Иә, Домбауыл батыр кесенесі неше мың жыл өтсе де сыр бермей әлі талай ұрпаққа көненің көзі, тарихтың өзі, ұлы даладағы ұлт жәдігері болып тұрары анық. Біз баба әруағына Құран бағыштап, Ұлытаудың ең биік шыңына шығу үшін Әулиетауға қарай бет түзедік.

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ
Қызылорда-Жезқазған-Сәтбаев-Ұлытау-Қызылорда

Басы 1-бетте. Жалғасы бар

Меншік иесі:
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4261 Тапсырыс №743

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.
Нөмірдің кезекші редакторы Аслан НҰРАЗҒАЛИ